



8-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Жарнама мәтіні. Жазған кезде ысына
да, суына да біл





I.

Армысыздар, ардақты қалам ұстаған қауым. Қазір сегізінші тақырыпты бастаймыз. Бұл бұған дейінгі жетінші тақырыптың жалғасы болып табылады. Біз американдық сценарист, режиссер әрі кино сыншысы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрісімізде бұған дейін жарнама мен хабарландыру үшін мәтін жазуды үйретуді бастаған болатынбыз. Енді соны аяқтаймыз. Оған бұл жолғы дәрістің бірінші бөлігі арналады. Ал екінші бөлігінде өзіміздің отандық медианың қыр-сырына бойлаймыз. Жазу әлеміне кіру мен одан шығу туралы сөз қозғаймыз.

Сонымен жарнама мен хабарландырудың басты мақсаты неде? Ол адамды әлденеге сендіру емес пе. Сендіру мен нандыру үшін көптеген жүйелер жасалған. Ол жүйелерді коммуникация мен философияны таңдаған студенттерге бірінші курстан бастап оқытады.

Әдетте нандырудың бес қадамы бар деп саналған. Осы бес қадамды жарнама мен хабарландыруға мәтін жазатын авторлар да білгені дұрыс.

Біріншіден аудиторияның назарын аудару керек. Мұның да айла-шарғысы жеткілікті. Әзіл де кәдеге жарайды. Қабырғасынан қойылған сұрақ та елең еткізіп, назар аудартады.

Екіншіден назар бөлгізген соң олардың қызығушылығын төмендетіп алмау керек. Мұнда тиімді тәсілдердің бірі шағын драма деп саналады. Немесе жанжалды жағдай тууы тиіс. Онда аудитория бұл оқиға немен тынар екен деп құлағын түреді. Бұл әрине көркем фильмде болатын тәсіл. Алайда жарнамада драма мен оның шешімі он мен қырық секунд арасында аяқталуы керек. Қызығушылықты ұстап тұруға сол сияқты бейне мен дыбыстық эффектілер де қолданылады.

Үшіншіден әлдебір проблема бар екенін дейтіндей әсер туғызу керек. Ол әсер ұсынылатын тауарға немесе қызметке қатысты болып тұрады. Бұл проблема кейде тайға таңба басқандай анық аңғарылса, кейде көміскі түрде көрініс табуы тиіс.

Төртіншіден. Әлгі проблема тауарды алғанда, немесе қызметті пайдаланғанда шешіледі деп тұтынушысы осы қазыққа мықтап байлау керек. бірақ оның нендей тауар, қандай қызмет екені жарнаманың соңына дейін айтылмайды.

Бесіншіден, жарнама мәтінінің соңы өте күшті немесе соншалықты қисынды ұранмен аяқталсын. Ол шақыруды тыңдаған көрермен міндетті түрде әлгі тауарға немесе қызметке жүгінеді.

«Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында Роберт Хиллиард жарнамалық мәтіндер жазудың осындай бес әдісін көлденең тартады.

Негізгі идеялар айқындалған соң сценаристің жұмысы басталады. Ол сценарий тағы да талқыға түседі. Бекітіледі. Енді осының негізінде әрбір секундта не көрсетілетіні анықталады. Оны кадрларды анықтау дейді.

Жарнама жасайтын ірі агенттіктерде сценарист суретшімен, қазіргі уақытта компьютерлік дизайн шеберімен бірге жұмыс істейді.

Сол сияқты мұнда дыбыстық, музыкалық сүйемелдеуге қатты мән беріледі.

Жарнама роликтері форматтары бойынша тікелей сату, ұсыныс беру, юморлық, қойылымдық және музыкалық болып бөлінеді. Нақты сатуға арналған роликтер тауар немесе қызмет туралы нақты әрі қарапайым ақпаратпен аяқталады. Оның бәсекелестерден артықшылығы байқалуы керек.

Жарнама мәтінін жазу кезінде драмаға жиі жүгінеді. Бұл 30 не 40 секундтық пьеса сияқты өтеді. Онда алдымен шиеленіс пайда болып, ақырын оның шешілу жолы аңғарылады. Сол арқылы әлденеге қызығушылықты оятады.

Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабының жарнамаға қатысты бөлігі этикалық астарларды қозғайды. Сценарий авторы ұсынылатын өнім мен оны тұтынатын халық арасындағы байланысты табуы тиіс деген тұжырым жасалады.

Осымен американдық маманның кезекті тақырыбының нүктесін қоямыз. Ары қарай өзіміздің отандық журналистиканың қыр-сырына көшеміз. Кез-келген туындыны жазу барысында болатын көңіл-күй туралы әңгімемізге көшеміз.

II.

Қалай жазу керектігін оқыдық. Теориялық еңбектермен таныстық. Фразеологиялық сөздікті кемірдік. Ондағы тұрақты тіркестерді, бейнелі сөздерді кемел түрде көңілге тоқыдық. Айналадағы әріптестер қайтіп жазып жатқанымен жете таныстық. Жанрлардың жік-жігін айырып, бір-бірінен айырмашылығын көкейге



түйіп алдық. Енді өзіміз өкіртіп жазбаймыз ба?

Жазайық. Бәрі дайын. Бұрын қағаз бен сиясауытты қалам еді. Беріде дәуіт ұмыт болып, шарикті қалам шықты. Енді ол да музейге кетті. Хош. Экран алдында отырсыз, пернетақтаңыз жалтырап тұр. Ал жазыңыз!

Жазу үшін кіру керек. Қайда? Жазу әлеміне. Жазу әлеміне дейсіз бе? Оның бары рас. Ал қалай кіреміз? Өртүрлі жолы бар. Біз бірдеңе жазар алдында аз-кем оқып аламыз. Мәселен, қолымыздың астында Ғабит Мүсіреповтің «Күнделіктері», Қадыр Мырза Әлидің «Иірімі», «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің кітап болып шыққан нұсқасы және басқа ондаған кітаптар жатыр. Солардың біреуін ашылған жерінен бірер парақ оқимыз. Тура автокөліктің дүрілдегені сияқтанамыз. Сосын оңай, өзің жазып кете бересің.

Жұматай Сабыржанұлы деген мықты сатирик болған. Сол жарықтықтың «Ішінде бірдеңе үілдейді» деген жазбасы бар. Онда үнемі Үмбетбай Уайдиннің:

Сыпырып жүрдім-дағы есік алдын,

Сұмдық бір сұлу қызды есіме алдым,-

деген екі жолы аузында жүретіні жазып еді. Шамасы, «Ішінде бірдеңе үілдеп жүргені жақсы» деп жазбасын аяқтайды. Иә, тек жазатын емес, жалпы дені дұрыс адамның ішінде бірдеңе үілдеп жүргені жөн. Күй ме, ән бе, өлең бе, бәрібір, әйтеуір үілдеп жүрсе болғаны.

Үіл бірсарынды болмауы керек. Жазар тақырыбына қатысты түрі өзгеруі керек. Кейде Мұхтар Шахановтан:

Ізгілік пен ізеттің байлауында,

Мама қаздар самғайтын қойнауында.

Достық атты қазына аралы бар

Сонау Мақсат тауының жайлауында,- деп біраз самғап аламыз. Қанаттанып алсаң жазғаныңа жеңіл.

Алда-жалда ізгілік, ізет тақырыбын қаузар болсақ, тиегіміз – «Танакөз».

Қайда барсақ, қасымызда – Танакөз,

Танакөзбен көңілді еді біздің ерке бала кез,- демекші, бұла кездегі мақалаларымыздың талайы дүниеге келерде жазу әлеміне осы дастанның түрлі шумақтары жетектеп кіргізіп кететін. Немесе, «Махаббат, қызық мол жылдардың» бірер беті. Ол кітапты жатқа білмесек те, түгелі көз алдымызда. Бірінші рет оқушы кезімізде қырықтықшыларға қой сүйреп беруге барған жазғы каникулда оқысақ керек.

Жеңіл жазбалар алдында «Сыпырып жүрдім-дағы есік алдын, Сұмдық бір сұлу қызды есіме алдым» дегендей езу тартқызарлар ойға түсіп, қалам жедел жүреді.

Күлкілі, бәлкім ашулы жәйттерді жазар болсақ, тағы еске аларымыз бар. Ауылда тау үстіндегі шаруашылық қоймасында Серікбай деген жұмысшы болған. Тура Қараүлек. Әлгі «Қаһардағы» кейіпкер. Күші алапат, ақыл-есінде кемістігі бар еді, жарықтықтың. Беріде қайтыс болыпты. Сол Серікбай ара-тұра қойма меңгерушісінің үйінен тамақ ішеді. Дастархан басындағы жұрт шайдан соң «Ал, Серікбай, өлең айт» дейді. Анау тартынбайды. Айтатыны бір өлең. Бүкіл ауылдың еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін біледі. Бір өлең емес, жалғыз шумақ қана. «Ал, Серікбай өлең айт» дегенде анау ырғақсыз, әуенсіз айқайлап алып жөнеледі:

Бір әтеш айқай салды Омар-ай деп,

Тауыққа жем бермейсің обал-ай деп.

Сен отырсың үйінде жұмыртқа жеп,

Біздер жүрміз далада құмырысқа жеп.

Тыңдаушылар қыран-топан күлкі. Күніне қанша рет Серікбайдан естиді, сонша мәрте күліп жатқандары. Біз кейде осы әнді іштей қайталап отырамыз. Көз алдымызда Серікбай тұрады, Серікбайдың әніне күлгендер тұрады. Қалам өздігінен суырылып жүріп кетеді.

Тоқтаңыз. Енді ойланып қалдық, Серікбайдың өлеңі жетпісінші жылдар ортасында айтылса да, қырық жылдан кейін мәнін жоғалтпапты. Омарлар – әлгі ақшасын сыртқа тасып, шалқып жүргендер. «Жұмыртқа жегіштер». «Құмырысқа жеген тауық» – кәдімгі бұқара. Әтеш ше? Ол –кәдімгі журналистер.

Жазудың сәті бірден түспейтін кез болады. Рас бір оқитғаға барып, көріп келген журналист оны қалайда не мақала не сюжет етіп ұсынуы керек. Жалақы төлеп отырған редакцияның тапсырмасын қалайда орындайсың. Ол – міндетің.

Ал кейде ойында бір сүйекті, тіпті сүйікті тақырып болады. Әлде дайындығың жеткіліксіз, әлде басқа



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жарнама мәтіні. Жазған кезде ысына да, суына да біл
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

шаруалардан қол тимеген себепті жаза алмай жүресің. Бірақ ең басты себеп сен ол әлемге кіре алмай жүргендігіңде. Әлеміне кіре алмасаң дұрысы жазбай қойған. Күндердің күнінде өз-өзіңнен сол әлемге өтесің. Сол кезде лып еткізіп, еш қайналмай жазып тастайсың.

Мұның да мысалын білетін едік. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап әлемде Габриэль Гарсия Маркес деген жазушының даңқы шыға бастады. Жетпісінші-сексенінші жылдары тіпті аспандап кетті. Оқығаны бар, оқымағаны бар бәрінің аузында Маркес жүретін болды.

Өзінің сол тұста Кеңес Одағынан жазған репортажы бар еді. «КСРО: «Кока-коланың» бір де бір жарнамасынсыз 22 400 000 шаршы шақырым» деп аталады. Классика. Мақаласын айтпағанда тақырыбының өзі неге тұрады. Ол кезде Қазақстанда тірі Габриэль Гарсия Маркесті көрген бір адам болып еді. Біз қызмет істеген «Лениншіл жас» газетінің редакторы Сейдахмет Бердіқұлов. Екеуі сонау 1957 жылы Мәскеуде өткен Студенттер мен жастардың Бүкіл дүниежүзілік фестивалінде жүздескен. Маркес онда – Латын Америкасындағы бір газеттің Еуропадағы меншікті тілшісі. Сейдағаң – Қазақстандағы жастар газетінің жаңа ауызданған бөрісі. Беріде Маркес айтулы жазушы атанып, үлкен сыйлықтарды алды. Сейдағаң сыйлықсыз өтсе де халықтың құрметтісі, жастар газетінің ұзақ жылдар бойғы редакторы болды.

Біздің редакторымыз жас журналистерге арналған дәліздегі дәрістерінде сан рет Латын Америкасының осы қаламгерін көзбе-көз көргенін айтып жүрді. Бізден ересек жігіттер батылданып «Сәке, мұны жазу керек қой» дейтін. Сәкең мақтанды артық көрмесе де, жазудан тартынатын. Әлде әсері солғын, әлде материалы аздық етсе керек. Әсері солғын болатыны – сол фестиваль кезінде Маркестің аты дүрілдей қоймаған-ау. Материалы аз болатыны – Латын Америкасының әдебиеті бізге орыс әдебиеті арқылы ара қонып жететін. «Сиырлы ауылдың сұрмергенін» сұратпай жазатын қайран қаламгер Маркеске келгенде тұсаулы аттай кібіртіктеді. Біздің ойымызша бірнеше жыл бұл тақырыптың әлеміне кіре алмай жүрді.

Сосын ақыры жазды. Мақаланың аты шамасы, «Мен көрген Маркес» болса керек. Жазып кеткені жақсы болды. Сыпа қаламгердің сырықты жонғандай ұқыпты дүниесінің бірі болып әдебиет сөресінде қалды. Қағазға түспей, өзімен бірге көкейінде көмілгенде бүкіл әлем «бұл қазақ Маркесті білмеген, мойындамаған» деп күлер еді. Тұтас ұлттың абыройын жалғыз мақала жауып тұр, біздің түсінігімізде.

Сейдағаңмен студенттер мен жастардың бүкіл дүниежүзілік фестивалінде жолығысатын Маркес сонда алғаш Кеңес Одағын көрген. Қандай әсерлер алды екен?

Жоғарыдағы «КСРО: «Кока-коланың» бір де бір жарнамасынсыз 22 400 000 шаршы шақырым» атты репортажында мынадай сөйлемдер бар: «Кеңес Одағында радио қабылдағыш тым арзан тұрады, бірақ оны қолдану мүмкіндігі шектелген: не Мәскеуді ғана тындауың керек, не радионы өшіріп тастайсың». Жазушы коммунистік режимде өмір сүріп жатқан елдің жағдайын өте тап басқан. Әрі қазіргі іздің Қазақстанымыздағы интернеттің жағдайы да осыған жақын сияқты. Еріксіз езу тартасың.

Одан әрі былай жазады: «Бірде дүңгіршектен үйіліп жатқан «Правда» газетін көрдім, бірінші бетте сегіз бағанаға бірдей берілген мақаланың тақырыптары тым ірі харіптермен теріліпті. Мен соғыс басталғаны туралы хабарлама шығар деп шошып кеттім. Сөйтсем мақаланың тақырыбы «Ауыл шаруашылығы туралы баяндаманың толық мәтіні» екен». Рас, солай еді. Қазір де солай болуы мүмкін.

Репортаж өзіне баурай түседі. Мына тұсын оқып көріңіз: «Бірде Мәскеу банктерінің бірінде екі қызметкерге назарым ауды: олар келушілерге қызмет көрсету орнына бір ағаш кәсекке қаз-қатар бекітілген шағын тастарды әрлі-берлі қағып санап отырды. Мен одан кейін ресторан әкімшісінің, қоғамдық орындар қызметкерлерінің, дүкен кассирлерінің, тіпті кинотеатрлардағы билет сатушылардың осы іспен беріле айналысып отырғандарын көрдім. Ақыры шыдамай, бәрі жаппай ойнайтын бұл ойынның аты мен тәртібін сұрадым. Шамалауымша, бұл Мәскеудегі көпшіліктің ең сүйікті ойыны болуы керек еді. Бірақ біз тұрып жатқан қонақ үйдің әкімшісі «бұл ойын емес, мектептегі балалардың таяқ санамағы сияқты орыстар қолданатын есепшот» деп түсіндірді. Менің қалай таң қалғанымды сұрамаңыздар. Өйткені фестивальде таратылған ресми брошюралардың бірінде Кеңес Одағында электронды есептеу машиналарының 17 түрі бар екендігі тайға таңда басқандай жазылған. Иә, бар екені бар, бірақ оны өнеркәсіп жаппай ауқымда шығармайды. Осы түсінік бұл елдегі қасіретті қайшылыққа көзімді ашты. Елдің бір бөлмелі пәтерде тұрып, жылына екі-ақ көйлек сатып алатын еңбекшілері кеңестік аппараттың Айға барып қонғаны туралы қуаныштан жарылып кете жаздап жүр».

Пах-пах дейсің! Суреткер болсаң, осындай бол дейсің ризалықпен! Ой салсаң, осылай сал! Бізден бүгінгі жазуыңды кімнен үйрендің деп сұраса, екі қаламгерді айтар едік: Бірін көрдік, бірін көрмедік. Сейдағаң мен Маркес. Ал олар бір-бірін көрген. Екеуінің де топырақтары торқа болғай.

Жазу үшін осылай басқа әлемге кіресің. Соның ішінде боласың. Рас, шағын хабар, сюжет болмаса, мақала мен сценарийге бірнеше сағат, тіпті күндер кетеді. Бұл уақытта сен жазу әлемінде жүрмін деп



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жарнама мәтіні. Жазған кезде ысына да, суына да біл
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

оңаша отыра алмайсың ғой. Жүресің, тамақ ішесің, басқа жұмыстарың бар. Сөйлесесің. Ұйықтайсың. Бірақ, қашан мақала немесе деректі фильмнің, бағдарламаның сценарийі біткенше сол әлемдесің. Қызық әлем. Кейде кеңдігі сондай, жазуыңның аяғы жеткізбейді. Кейде кішкене ғана, лып еткізіп жазып бердің.

Өзіміздің журналистік тәжірибемізден бірер мысал келтірейік. Бұл жолы газетке емес, телевизияға қатысты мысал болсын.

Өзіміз телевизияға еш қызықпадық. Тек тоқсаныншы жылдардың басында сол тұстағы Орталық телевидениеге сол тұста алғаш құрылған продюсерлік орталық «Капитал шоу» түсіретін, мұрты бізге ұқсап Леонид Якубович жүргізетін «Поле чудес» атты бағдарламаны қарап жүрдік. Осыны негізге алып қазақ тілінде басқаша бағдарлама жасауға болады екен-ау деп ойладық. Онда жүргізуші студияға арнайы келгендерді мақал төңірегінде жарысырады. Бірінші жолы олар белгілі бір сөзге мақал тауып жарыссын делік. Айталық, жүргізуші «қой» дейді. Ал үш ойыншы осы қойға қатысты мақалдарды еске түсереді. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды. «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды». «Қойшының қызы қой келгенде кесте тігеді» дегендей. Тіпті «қой көрмеген қуалап өлтіреді», «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» дейтін мақалдар міне мына дәрістің өзінде өз-өзінен ойымызға түсіп жатыр. Ұпайды аз жинағаны екінші кезеңге өте алмай ойынна шығады. Басқалары ары қарай жалғастырады. Ойынның келесі кезеңінде оған қатысушыларға жүргізуші белгілі мақалдың бірінші бөлігін айтуы керек. Олар оны жалғастырсын. Айталық ойынды жүргізуші «Жалғыз ағаш орман емес» десе, ойынға қатысушылардан оның жалғасын: «жалғыз кірпіш қорған емес-ті» кім бұрын айтатынын күту керек. Жүргізуші «ер туған жеріне» деп, оның жалғасы «ит тойған жеріне» дегенді қай ойыншы бірінші айтар деп күтеді. Содан соң үшінші кезеңге өтеді.

Міне осы телеойынның елесі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары миымызға кірді. Тіпті телеойынның тақырыбын да тауып қойдық. Ол кезде газетте істейміз. Телевизияға еш қатысымыз жоқ, айтпақшы, оған дейін бізді басқарған Шерхан Мұртаза ағамыз «Қазақстан» мемлекеттік телерадио компаниясына президент болып келген. Бірер айдан соң «Егемен Қазақстан» газетіндегі жаңа бас редакторымыз Әбіш кекілбаев ол кісіден сұхбат алуымызды тапсырды. Алдына бардық. Бүкіл сұрақтарымызды бүкпесіз қойдық. Жан-жақты жауабын алдық. Онда диктофон қат, тез-тез қолымызбен конспектілеп отырдық. Сұхбатты жазып бітірген соң мәшеңкеге бастырып, Шер-ағанның өзіне оқытып алдық «Келісемін» деп қолын қойдырдық. Өйткені ол кезде орыс тілді шовинстер, оның ішінде тіпті кейбір облыстардың алғашқы әкімдері де болды, Шер-ағана орыс тілді ақпарат құралдарында, тіпті үкімет мәжілісі мен басқа да алқалы жиындарда тиісе бастаған. Тиесін себептері «Қазақстан» телеарнасында бұрын басымдық орыс тіліне берілсе, енді Шерхан Мұртаза телеарна эфирінде қазақ тілді бағдарламалардың айдарына жел ескізді. Талайларға бұл әрекет ұнамады. Осы кезде біз сұхбат алуға келдік. Шерхан ағамыз әлгі жағдайды өте ащы айтты. Біз сол бойы қағазға түсірдік. Тек артынан ол кісі де, біз де өкініп жүрмес үшін, өзіне оқытып әлгі «келісемін» деген қолын қойғызғанбыз. Міне осылай алдына екі рет барғанда да Шерхан ағамызда өзіміздің ойымызда бір телеойынның сұлбасы жүргенін айта қоймадық. Өйткені ол телевизиясының қорасы, ал біз газеттің шарбағында қалып қойғанбыз.

Ал арада төрт-бес жылдан соң өзіміз енді құрылған «Хабар» агенттігіне қызметке алындық. Былай қарағанда мүмкіндік ашылған сияқты. Менде мынандай бағдарлама туарлы ұсыныс бар деп кез-келген басшысының алдына кіре аламыз, кез-келген жиналыста қозғай аламыз. Бірақ бұл жолы да асыққан жоқпыз. Сол миымызда жатталған қалпы тұра берді. Тіпті қағазға түсіріп қойған оқып.

Содан жәні екі-үш жыл өтті. 2000 жыл табалдырықтан аттады. Тек қазақ тілінде хабар тарататын «Хабар-2» атты жаңа телеарна құрылды. Ол тура 22 наурызда тұсауын кесіп, эфирге шығуы керек. Міне осы кезде он жыл бойы миымызда қортылып дайын тұрған «Мың бір мақал» атты бағдарламаның тұжырымдамасы мен сценарийін қағазға түсірдік. Идея «Хабар» агенттігінің басшыларына ұнап, қолдау тапты. Сол кездегі арнаның бас режиссері Гүлнар Борашқызы біздің ойымызды айна-қатесіз студиядағы түсірілімге айналдырды. «Мың бір мақал» көрермендерге ұнаған бағдарлама болды. Бірнеше рет түрлі облыстарға іссапарға шыққанымызда бұл ойында еш камера мен студиясыз оқушылар мен студенттер ойнағанына өзіміз кәу болдық. Осының авторы біз едік деп кеуде қақпадық.

Міне алдымызға осы шығарманың әлемін он бойы дайынап қойдық. Бірақ оған кіріп кетпедік. Өмірдің өзі осы бағдарламаның әлеміне кіргізер сәтке жеткізгенше күттік. Аықпағанымыз өз нетыжесін берді.

Осы дәрістеріміздің бірінде ертегідегі қотыр тай туралы айтып кетсек керек. Иә, сол қотыр тай сияқты іштей жарап жүру керек. Ал өмір ондай жарыстың сәтін келіреді. Тек соған өзінді дайындап жүрсен еш өкінбейсің. Ал уақыттан асығыс жасалған жұмыс, яғни әлгі әлемге ерте кіріп кету ешқашан табыс әкелмейді.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Жарнама мәтіні. Жазған кезде ысына да, суына да біл
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Енді өзіміздің келесі тәжірибемізді айтайық. Бұл шығармашылық әлемді тез сезіну, сезінген не, тездетіп жасап алу туралы. Онда да «Хабар» агентігінде қызмет атқарамыз. Қазақ тіліндегі бағдарламалардың бас продюсеріміз. Бір күні басшылық шақырды. Сол кездегі «Азаттық» радиосының қазақ редакциясының басшылары ұсыныспен шығыпты. Егер қазақ тілінде көрермендерді көп тартатын, қызықтыратын бағдарлама болса, онда бір саладағы көкейкесті ойларды айтуға мүмкін туса халықаралық радионың қазақ бөлімі оған бір жолғы қаржы бөліп, студиясын жасап беруге мүдделі.

Басшылық бізге бар болғаны үш күнге мұрсат берді. Үш күнде ойланып бұрын болмаған осындай бағдарламаның идеясын ұсынуымыз керек. Ол кезде ток-шоу деген сөз де, ұғым да Қазақстанға ене қоймаған, бірақ біздің жасайтын дүниеміз сол ток-шоудың өзі болуы тиіс еді.

Ойландық. Бұрын болмаған идеяны таптық. Бағдарламаны тіл тазалығы мәселесіне арнаған дұрыс. Ендеше аты да тіл болуы керек. Әр жолы бір саладағы тілге қатсты түйткілді мәселе талқыланады. Бір жолы медицинадан, бір жолы қаржы саласынан, үшінші болы энергетикадан дегендей. Бәрі отыра салып жан-жақтан көкпарға сала жөнелмейді. Алдымен бір адам ортаға шығып өзінің әлдебір сөздің немесе терминнің мәнін түсінбей жүргенні айтады. Оған маман көмекке келіп, ол сөздің нені білдіретінін немесе қалай аударылатынын айтады. Сосын бұл сөз туралы басқаша ойлайтын келесі қонақ ортаға шақырылады. Ол былайша айтақнада оппонент. Міне осы үштік таалдай келе бір тоқтам жасайды. Сосын оны аудитория қолдай ма, жоқ па студиядағылардан сұралады. Осылайша үш айналым, үш сөз сарапқа түседі. Әр айналымның ортасында өз қайырмасы бар. Бірі «Қара тақта». Онда ақпарат құралдарындағы орнымен қолданылмаған, өрескел қате жазылған мысалдар көп алдына шығарылады. Мұндай қатеге орын барген ақпарат құралының немесе мекеменің аты сол жерде «Қара» тақтаға жазылады. Ықпалы өте зор болуы тиіс. Екінші жолы абай болып, жазғандарын редакциялап жүреді. Екінші айналымнан кейінгі қайырма «Алтын сандық». Бұл бір кезде қолданыста болып кейін ұмыт болған сөзге арналады. Ол жыраулардың өлеңдерінен бастап, мақал-мәтелдерден, жазушылардың кітаптары мен ғалымдардың еңбектерінен, тіпті ел ішінен іздестіріледі. Қандай мағынада айтылғаны түсіндіріледі. Сол мағынасында қолданған жөн бе, жоқ оған жаңа мағына беріп пайдаланған жөн бе? Осы туралы ойластырылады. Ең соңында үшінші бөлімдегі талқылаудан кейін «Күлтөкпе» атты қайырма бүкіл бағдарламаны аяқтайды. Онда кейінгі кезде екінің бірінің аузындағы мағынасыз, еш себепсіз айтылатын «базар жоқ», «жаңағы», «конечно», «пока» және басқа ұры сөздердің бірі сисволдық күлтөкпеге тасталады.

Осы жобаны екі-үш күн ішінде қағазға түсіріп, пысытадық. Бірден мақұлданды. «Азаттық» радиосының өкіліне де ұнады. Оардың қаржысына студия безендірілді. Бірінші бағдарламааны Бекболат Тілеухан, одан кейін бірнешеуін Дана Нұржігіт жүргізіп, ақыр аяғында Бейбіт Құсанбек оны өз биігіне жеткізді. Көпшілік алдына жарқырата алып шықты. Әттең, сол Бейбіт Құсанбектің мезгілсіз қазасына кейін бұл бағдарлама жүргізушісіз қалғандықтан тоқтады.

Міне, біз осы «Тіл» бағдарламасының әлемін бірер күнде әзір еттік, бірер күн ішінде болдық. Ақыры сәтті аяқтаған соң оны продюсер мен жүргізушінің қолына тапсырып өзіміз, басқа жаңа істермен айналысуға кеттік.

Демек, бір мақсат орындалды. Бұл іс бітті. Сценарий, мақаланың соңғы нүктесі қойылды. Енді сол әлемнен шығу керек. Байыз табасыз. Суынасыз. «Кәрі дене қызынды да, суынды» демекші. Бұл – Ғабен. «Ұлпан». Барын салып жазған ұлы шығармасы.

Кейде егер Ғабен қазіргі еркін заманда болса «Ұлпанды» осылай жаза алмас еді деп ойлаймыз. Неге? Бұл күнде астарлап айтудың керегі жоқ. Цензура жойылған. Әр сөзден күдік іздейтін отаршыл Орталық жоқ. Не десең де еркінде. Астарлап айту – шеберлік еді. Ондай шеберлік керек болмаған жерде «Ұлпан» тумас еді. Хош. Бұл – бар болғаны біздің долбарымыз.

Тағы бір топшылауымыз: «Ұлпанды» жазғанда Ғабеннің ішінде бірдененің уілдеп тұрған-ау. Күнделіктеріне Дмитрий Снегинге «Ұлпан – менің Джокондам» дегенін қалдырыпты. Онда көз алдына әлдебір портретті елестетіп отырып жазған. Қалай болғанда да өзгеше әлемде жүрді. Сол әлемнен ортамызға «Ұлпанды» алып шықты. Міне, мынау – нақты мысал.

Сонымен суыну керек. Әлгі бірер сағаттық, бірнеше күндік әлемнен шықтыңыз да суындыңыз. Ендігісі жазғаныңызды үстінен оқу. Жөндеу. Ол – басқа дәрістегі әңгіме болсын.

Ысыну мен суынуды айттық. Алдағы тақырып – жүкті болу. Шығарма мен адам жаратылу құбылысы арасында ұқсастық бар.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Жарнама мәтіні. Жазған кезде ысына да, суына да біл

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Сегізінші сабақты пысықтау:

Өзінді дайындап алмай жазуды бастама

Ішінде бірдеңе уілдеп жүргені жақсы.

Қыспақтың шеберлікке пайдасы болады.

Кейбір телехабардың сценарийі ұзақ уақыт ойда жүрсе, кейбірін табан астында жазып беруге тура келеді.

Журналист осындай жағдайларға әзір болуы керек.